

ӘОЖ 658.014 (07)

Э.А. Калияскарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: emma_ka@mail.ru

Қазақстан Республикасындағы ет және ет өнімдерінің сапасын бағалау ерекшеліктері

Бұл мақалада мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылуы, оның артықшылықтары мен басым бағыттары, қазіргі кездегі тұтынушылардың ет және ет өнімдеріне қоятын талаптары, ет және ет өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары қарастырылған. Қазақстан Республикасындағы ет және ет өнімдері нарығындағы ет өнімдерінің сапасын бағалау көрсеткіштері, зертханалық зерттеу нәтижелері, олардың стандартқа сәйкестігі, ет және ет өнімдер сапасындағы ақаудың көлемі, республика бойынша зерттелген ет және ет өнімдерінің нормативтік құжатқа сәйкессіздік мөлшері, облыстар бойынша ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі, Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттерден тасымалданған ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі, олардың жыл сайынғы өзгеру динамикасы берілген.

Түйін сөздер: ет және ет өнімдер нарығы, ет өнімдерінің сапасын бағалау көрсеткіштері, зертханалық зерттеу, ет өнімдерінің қауіпсіздігі, сапа менеджмент жүйесі, ақау.

E.A. Kaliyaskarova

Features of assessing the quality of meat and meat products in the market of the Republic Kazakhstan

The article describes the entry of Kazakhstan into the list of highly competitive countries, its advantages and priorities; consumer demands for meat and meat products; ways of improving the competitiveness of meat and meat products; evaluation of quality indicators of meat and meat products in Kazakhstan, lab work results; compliance with the standards; the amount of defected meat and meat products; the volume of the investigated meat and meat products comparing to the normative documents; the amount of the defected and eliminated meat and meat products by regions; the whole amount of the defected and eliminated meat and meat products in Kazakhstan; the annual dynamical changes of the market.

Key words: the market of meat and meat products, the evaluation of qualitative indicators of the market, laboratory research, safety of meat products, quality management system, the defect.

Э.А. Калияскарова

Особенности оценки качества мяса и мясных продуктов на рынке Республики Казахстан

В статье рассматриваются вступление нашей страны в ряд конкурентоспособных государств, их преимущества и приоритетные направления, требования потребителей на мясо и мясные продукты, пути совершенствования конкурентоспособности мяса и мясных продуктов, оценка качественных показателей мяса и мясных продуктов на рынке Республики Казахстан, результаты лабораторных исследований, соответствие стандарту, объем дефектных мяса и мясных продуктов, объем исследованных мяса и мясных продуктов на несоответствие нормативным документам, объем дефектных и уничтоженных мяса и мясных продуктов по областям, объем дефектных и уничтоженных мяса и мясных продуктов по Республике Казахстан, ежегодная динамика изменения доли на рынке.

Ключевые слова: рынок мяса и мясных продуктов, оценка качественных показателей мяса и мясных продуктов, лабораторные исследования, безопасность мясных продуктов, система менеджмента качества, дефект.

Еліміздің елулікке енуі біздің экономикада қол жеткізген жетістіктеріміз болып саналады. Қазақстанның ғаламдық бәсекелі көрсеткіштер бағанынан өз орынын табуы, мемлекетіміздің

соңғы жиырма жыл ішінде атқарған еңбегі мен болашаққа жасаған нақты бағдарламаларының жемісі болып табылады. Әлемдік бәсекеге қабілеттілік өз мемлекетіміздің азаматтарының

сапалы өмір сүріп отырғандығының сырт көз берген сындарлы бағасы.

Қазіргі нарықтық жағдайда өндірілген ет өнімдерінің сапасына қойылатын талаптар да жоғарылады. Тұтынушыларды жоғары сапалы өніммен қамтамасыз етіп отыратын кәсіпорындар, нарықта өздерінің тұрақты үлесіне ие болғандықтан, олардың сеніміне еніп, ет өнімдерін өткізу барысында көп қиындықтар туындамайды. Қазіргі кезде ет өнімдерінің сапасы бәсекелестік күресте ең негізгі құрал болып табылады. Өндірілген ет өнімдерінің түрлері көбейген сайын, тұтынушыларда таңдау мүмкіндігі пайда болып, оның сапасына да көбірек назар аударыла бастады. Тұтынушылар қазіргі кезде арзан ет өнімдерді емес, сапалы және бағасы қымбат өнімдерді сатып алатын болды. Өйткені қазіргі кезде ет өнімдерін өндіру барысында технологиялық үдерістер толық жүргізілмей, оларды өткізу мен сақтау барысында да бекітілген талаптар дұрыс орындалмай жатады [1].


Ет және ет өнімдерінің сапасын бағалау кезіндегі көрсеткіштерді төрт топқа бөлуге болады. Бірінші топқа ет өнімдерінің тағамдық құндылығын сипаттайтын көрсеткіштер: ақуыз, май, көмірсу мөлшері мен макро және микро-элементтер, екінші топқа органолептикалық көрсеткіштері, яғни сыртқы түрі, түсі, мәрмәрлігі,

ет тінінің құрылымы, дәмі мен иісі, консистенциясы, шырғандылығы жатады. Үшінші топқа ет өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін патогенді микрофлора, ауыр металл тұздары, нитрит пен пестицид тәрізді көрсеткіштер, төртінші топқа технологиялық үдерістің дұрыс өтуі, суды байланыстыру қабілеті, дәнекер тінінің мөлшері, май мөлшері мен оның жағдайы жатады.

Жоғарыда аталған төрт топқа «баға және өзіндік құн» деген бесінші көрсеткішті қосуға болады. Бұл көрсеткіш бір-бірімен өте тығыз байланысты, бір кешен ретінде қарастырылады. Өнімнің сапасы оның бәсекеге қабілеттілігінің негізі болып табылады және басқа өнімдермен салыстыру арқылы оның артықшылықтары немесе кемшіліктері белгілі болады. Ет өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін салыстыру кезінде тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыра отырып, оның сапасы мен бағасын ескеру керек.

Ет және ет өнімдерінің сапасын сараптау арқылы ет өнімдерінің мемлекеттік стандарттың талаптарына сәйкестігін, сонымен қатар оның құрамын, оралуы, сақтау мерзімін анықтауға болады [2].

Ал жалпы Қазақстан бойынша ет және ет өнімдерінің сапасын зертханалық зерттеу нәтижесі келесі суретте берілген.



Ескерту: Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтері бойынша автормен жасалған


1-сурет – 2009 жылғы ет және ет өнімдерінің стандартқа сәйкестігін зертханалық зерттеу

Зерттеу бойынша Қазақстан Республикасындағы облыстардан келген өнімдердің сапасы сарапталған, оның нәтижесінен санитарлық

гигиеналық талаптарға сәйкессіздіктен Қарағанды облысы – 15,2%, Алматы қаласы – 14,4%, Ақмола облысы – 7,3% алдыңғы орын-

дарды иеленіп отыр. Ал зерттелген ет және ет өнімдерінің микробиологиялық көресткіштері бойынша нормативтік құжат талаптарына

сәйкессіздігі жағынан Батыс Қазақстан облысы – 7,3%, Қызылорда облысы – 6,5%, Алматы қаласы – 5,1% құрап отыр.




Ескерту: Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтері бойынша автормен жасалған

2-сурет – ҚР 2009 жылғы ет және ет өнімдері сапасындағы ақаудың көлемі

Суреттен Қазақстан Республикасында өндірілген сапасыз ет және ет өнімдері Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында басым екендігіне көз жеткізуге бо-

лады. Ал басқа мемлекеттен енгізілген сапасыз ет және ет өнімдерінің көлемі Алматы, Астана қалалары мен Атырау облыстарында жоғары екендігі анықталып отыр.




Ескерту: Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтері бойынша автормен жасалған

3-сурет – 2010-2012 жылдар аралығында стандартқа сәйкестігі зерттелген ет және ет өнімдерінің көлемі

Суреттен 2010 жылы Қостанай облысы мен Солтүстік Қазақстан облысы 3000 бірлікке дейін ет және ет өнімдерінің сапасын сараптаудан басым болып табылса, 2011 жылы Қостанай,

Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстары маңызды орынға ие болып отыр. 2012 жылы Маңғыстау, Ақмола, Қостанай облыстары маңызды орындарға ие болып отыр.




Ескерту: Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтері бойынша автормен жасалған

4-сурет – 2010-2012 жылдар аралығындағы республика бойынша зерттелген ет және ет өнімдерінің нормативтік құжатқа сәйкессіздік құрылымы, бірлік

Суреттен 2010-2012 жылдар аралығындағы республика бойынша 2010 жылы ет және ет өнімдерінің нормативтік құжатқа сәйкессіздігі 444 бірлікті құраса, 2011 жылы 182 бірлікті құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,4 есеге азайған. Ал 2012 жылы бұл көрсеткіш 129

бірлікті құрап, 2011 жылмен салыстырғанда 1,4 есеге азайғандығына көз жеткізуге болады. Жалпы алғанда жыл сайын республика бойынша зерттелген ет және ет өнімдерінің нормативтік құжатқа сәйкес келмеушілік мөлшері төмендеп келеді.



Ескертпе – Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтері бойынша автормен жасалған

5-сурет – 2010 - 2012 жылдар аралығындағы зерттелген ет және ет өнімдерінің облыстар бойынша нормативтік құжатқа сәйкессіздік құрылымы, бірлік

Суреттен 2010 жылы Қарағанды облысында 160 бірлік, Ақмола облысында 60 бірлік, Ақтөбе мен Қостанай облыстарында 29 бірлік ет және ет өнімдері нормативтік құжатқа сәйкес келмегендігі анықталған. 2011 жылы Қарағанды облысында 36 бірлік, Жамбыл об-


лысында 28 бірлік, Павлодар облысында 23 бірлікті құраған. Ал 2012 жылы Ақмола облысында 39 бірлік, Оңтүстік Қазақстанда 13 бірлік, Жамбыл облысында 11 бірлік ет және ет өнімдері нормативтік құжатқа сәйкес келмеген болып шықты.

1-кесте – 2010-2012 жылдар аралығындағы облыстар бойынша ақаулы және жойылған ет және ет, өнімдерінің көлемі, кг

	2010 жыл		2011 жыл			2012 жыл			2011/ 2010 үлесі, %	2012/ 2011 үлесі, %
	Бар- лығы	ҚР өнді- ріл- ген	Басқа елден әкелін- ген	Барлығы	ҚР өндірілген	Басқа елден әкелінген	Бар- лығы	ҚР өнді- рілген		
Ақмола облысы	152	152	0	20	0	181	179	2	0,13	9,05
Ақтөбе облысы	54	54	0	18	1	56	56	0	0,35	2,94
Алматы облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Атырау облысы	4485	1	4484	15332	4	2	0	2	3,41	0,5
Шығыс Қазақстан облысы	1177	323	854	514	394	1337	1296	41	0,43	2,6
Жамбыл облысы	42	42	0	78	9	116,2	89,9	26,3	1,85	1,48
Батыс Қазақстан облысы	6	6	0	7	0	23	23	0	1,16	3,28
Қарағанды облысы	209	205	4	2517	497	160	142	18	12,04	0,06
Қостанай облысы	74	73	1	86	86	5	5	0	1,16	0,05
Қызылорда облысы	111	111	0	48	48	17	17	0	0,43	0,35
Маңғыстау облысы	0	0	0	2	0	11895	11895	0	0	5,9
Павлодар облысы	310	233	77	21	21	45	45	0	0,06	2,14
Солтүстік Қазақстан облысы	290	290	0	421	407	21	21	0	1,45	0,04
Оңтүстік Қазақстан облысы	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Алматы қаласы	41	36	5	4	4	30	30	5	0,09	7,5
Астана қаласы	2398	2398	0	101	101	309	309	0	0,04	3,05
Республика бойынша:	9349	3924	5425	19170	1676	14197,2	14107,9	94,3	2,05	0,74

Ескерте – Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтері бойынша автормен жасалған

Кестеден 2010-2012 жылдар аралығындағы облыстар бойынша ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі берілген, егер толығырақ тоқталатын болсақ, төмендегі суреттерден көруге болады.




Ескерту: Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтері бойынша автормен жасалған

6-сурет – 2010-2012 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасында өндірілген ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі, кг

Суреттен 2010 жылы Қазақстан Республикасында өндірілген ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі 3924 кг құраса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 2,3 есеге төмендеп, 1676 кг құрады. Ал 2012 жылы бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда

8,4 есеге артып, 14107,9 кг құрады. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында өндірілген ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі жыл сайын азайғанның орнына көбейіп отырғандығына көз жеткізуге болады.



Ескертпе – Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтері бойынша автормен жасалған

7-сурет – 2010-2012 жылдар аралығындағы басқа елдерден келген ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі, кг

Суреттен 2010 жылы басқа елдерден келген ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі 5425 кг құраса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 17494 кг құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,2 %-ға артқан, бұл шет мемлекеттен келген ет өнімдерінің сапасы төмен екендігін көрсетті. Ал 2012 жылы 94,3 кг құрап, 2011 жылмен салыстырғанда сапасыз өнімдердің көлемі төмендеген [3].

Сонымен, қортындылай келе, Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтеріне сүйене отырып, нарықтағы Қазақстан Республикасындағы ет және ет өнімдерінің сапасы анықталды. Жалпы зерттеу барысында Қазақстан Республикасындағы облыстардан Қарағанды облысы – 15,2%, Алматы қаласы – 14,4%, Ақмола облысы – 7,3% санитарлық гигиеналық талаптарға сәйкес келмеген. Ал зерт-

телген ет және ет өнімдерінің микробиологиялық көрсеткіштері бойынша нормативтік құжат талаптарына сәйкессіздігі жағынан Батыс Қазақстан облысы – 7,3%, Қызылорда облысы – 6,5%, Алматы қаласы – 5,1% құрап отыр. Сонымен қатар 2010 жылы Қазақстан Республикасында өндірілген ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі 3924 кг құраса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 2,3 есеге төмендеп, 1676 кг құраған. Ал 2012 жылы бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 8,4 есеге артып, 14107,9 кг құрады. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында өндірілген ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі жыл сайын азайғанның орнына көбейіп отырғандығына көз жеткізуге болады. Ал 2010 жылы басқа елдерден келген ақаулы және жойылған ет және ет өнімдерінің көлемі 5425 кг құраса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 17494 кг құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,2% артқан, бұл шет мемлекеттен келген ет өнімдерінің сапасы төмен екендігін көрсетті. Ал 2012 жылы 94,3 кг құрап, 2011 жыл-

мен салыстырғанда сапасыз өнімдердің көлемі төмендеген.

Зерттеу қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасының ет және ет өнімдері нарығын сапалы ет өнімдерімен қамтамасыз ету үшін келесі шараларды жүзеге асыру керек:

отандық ет және ет өнімдердің сапалық көрсеткіштерінің нормативтік құжатқа сәйкестігін қадағалау;

– сапасыз және ақаулы өнімдерді өндіретін ет өңдеуші кәсіпорындардағы мәселені терең бақылауға алу;

– шетел нарығынан енген ет және ет өнімдерінің сапасын нормативтік құжатқа сәйкестігін қадағалау;

– ет өңдеуші кәсіпорындарда сапа менеджмент жүйесін тиімді қалыптастыру немесе ақаусыз өнім өндіруге бейімделу;

– ет және ет өнімдерінің сапасын мемлекет тарапынан қадағалау үдерісін жетілдіру;

– ет және ет өнімдерінің сапасын басқарудағы маркетингтік қызметті тиімді ұйымдастыру.

Әдебиеттер

1. Елулікке ену – ел тарихындағы ерекше оқиға. Халықаралық аренадағы сындарлы баға // Егеменді Қазақстан. – №208. – 10.09.2013. – 1 б.
2. Дунченко Н.И. Управление качеством в отраслях пищевой промышленности. – М.: Дашков и К, 2008. – 212 с.
3. Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың мәліметтері, 2009, 2010, 2011, 2012 жылдар.

References

1. Elylikke eny – el tarihunlagu erekshe okiga. Halikaralik arenadagu sundarlu бага // Egemendi Kazahstan. – №208, 10.09.2013, - 1 b.
2. N.I. Dynshenko Upravlenie kashestvom v otrasliakh pichshevoi promuchshlennosti. – M.: Dashkov I K, 2008. – 212 s.
3. Reshyblikaluk sanitarluk-epidemiologialuk baskarmanun malimetteri, 2009, 2010, 2011, 2012 guldar.